



К мде-к м қаз рг уақытта
ана т л н ң, өз н ң
әдебиет н сыйламаса,
бағаламаса оны сауатты
мәдениетт адам деп
санауға болмайды

Сәкен Сейфуллин



“С,Сейфуллин атындағы
орталықтандырылған
к тапханалар жүйес ” КММ



СӘКЕН СЕЙФУЛЛИН -
ҰЛТ РУХАНИЯТЫНЫҢ
КӨШБАСШЫСЫ



Мекен-жайымыз:
Ұлытау облысы,
Жаңаарқа ауданы,
Байдалы би
ауылы, Достық,13
8 71030 24653



baidalybi2020@mail.ru

Байдалы би ауылы

“СӘКЕН ЕЛІМІЗДІҢ ЕЛДІГІНІҢ, АҚЫНДЫҒЫНЫҢ, СҰЛУЛЫҒЫНЫҢ БЕЙНЕСІ”

С.МҰҚАНОВ

Сәкен Сейфуллин 1894 жылы 15 қазанда бүгінгі Қарағанды облысының Ортау мекенінде дүниеге келген. Азан шақырып қойған аты – Сәдуақас. Барақ әкешес еркелетіп, "Сәкен" деп атап кеткен. Руы – Арғын, Қуандықтан тарайды.

Сәкеннің әкесі Сейфолла сөзгешешен, домбырашы, саятшы болған. Ол тұңғышынан үлкен үміт күтті. Ал анасы Жамал баласына ертегі айтып беруден жалықпайтын. Сәкеннен кейін екі ұл – Мәлік пен Әбен, одан кейін үш қыз – Рахима, Сәлима мен Қалима дүниеге келген. Барақ қыздың үшеуі де 11-13 жасында көз жұмды. Әбен де жас кетті.

Сәкен ауыл молдасынан тіл сындырып, арабша хат танығаннан кейін орыс-қазақ мектебінде білім алды. Ал оқуды үздік бітіріп, Ақмолада приходская мектебінде түседі. Одан кейін тағы екі жылдық мектепте оқып, ары қарай Омбы педагогикалық семинариясына аттанады.



Омбыда оқып жүргенде "Айқап" журналына алғашқы мақаласы жарияланды. Содан бастап жас Сәкен патшалық "охранканың" назарына ілігеді. Дегенмен, өзінің белсенді жұмысын жалғастыра берді. 1914 жылы қазақ жастарының "Бірлік" атты мәдени және білім беру қоғамын құруға атсалысты. Тура сол уақытта "Өткен күндер" атты өлеңдер жинағын жариялады. Оқуды бітіргеннен кейін Сәкен Сейфуллин елге келіп, шамалы уақыт мұғалім болып істеді. Ал 1916 жылы Ұлт-азаттық көтерілісі бұрқ ете түседі. Ақын халық жағына шығып, патшаны тақтан тайдыратын Ақпан төңкерісін қуана қарсы алады. Қазақ елі бостандық алып, бодандықтан құтылады деп сенеді. Сөйтіп, дереу Ақмолаға келіп, жаңа заман жолындағы күреске бел шеше кіріседі. Сол кезде ақын Амангелді Иманов бастаған көтеріліске арнап "Толқулар" атты өлеңін жазды.

"Жолдастарым мені мұз араласқан лай қармен жауып тастады. Үстінен тақтай лақтырды. Оған отырған адам кеттік деді. Шана жүре жөнелді. Менің мойнымды, иығымды, бар денемді енді тіптен ауыртпалық басты. Ол мені жаншып барады. Демалу қиындай түсті. Дегенмен, мен шыдадым. Лагердің алып есіктері сықырлай ашылды. Шана еркіндікке шықты", - деп еске алды Сейфуллин.



Сәкен Сейфуллин нақақ жаламен 1937 жылдың 24 қыркүйегі күні қамауға алынған. 1938 жылы «ұлтшыл буржуа» деген айыппен тұтқындалып, 1938 жылы 25 ақпанда Алматы НКВД-сының қабырғасында атылды. Кейін Сталин қайтыс болғаннан кейін 1957 жылы ақталған. «Ешқандай қылмыс жасаған емеспін. Алдын ала жүргізілген тергеуде айтылғандарды растамаймын», - десе де, ажал құрығынан құтыла алмады.